

Қарағаш ауылының тарихы

Қарағаш - Ақсуат ауылының шығысында орналасқан 6000 га жерді алып жатқан орманды алқап. «Қара» сөзінің төркінінде үңілейік. Кейбір топонимдер құрамында кездесетін «қара» сөзінің «қалың», «ну» ұғымын берсе де, бұл жерде қара сөзі өзінің тура мағынасында қолданылып тұр. Қара ағаш- сусыз жерге шыдамды, құмның көшуіне кедергі бола алатын ағаштың түрі. «Қара» сөзі ауыспалы мағынада да қолданылады. Қазақта «Қара орманның аман болсын!» деген бата тілек кездеседі. Мұнда жанұяң, ұрпағың деген астар бар. Қара сөзі көптік ұғымды білдіреді. Менің пайымдауымша, «Қараағаш» атауы көп ағаш дегенді ұғындырса керек.